

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Бұлғауыш
DEXP MX-1400

Мазмұны

Құрылғының мақсаты	4
Сақтық шаралары.....	4
Құрылғы схемасы	6
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық.....	7
Қамыр илеу	7
Жұмыртқаларды немесе кілегейді шайқау	7
Коктейльдерді, шейктерді және басқа сусындарды дайындау	8
Тазарту және күтім	8
Техникалық сипаттамалары	9
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	9
Қосымша ақпарат	10

Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстар қамтылған осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және оны бұйымды әрі қарай пайдалану барысында анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты


Планетарлы бұлғауыш — біртекті масса пайда болғанша және шайқалған массаны ауамен байытқанша оның құрауыштарын араластыру тәсілімен тағам дайындауға арналған аспап.

Сақтық шаралары

1. Құрылғыны қуат көзіне қоспас бұрын, үйдегі электр желісінің кернеуі жерге тұйықтаудың техникалық сипаттамаларға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
2. Құрылғыны зақымданған қуат беру сымымен немесе ашамен қолданбаңыз. Қуат беру сымын ауыстыру үшін авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.
3. Қуат беру сымының беткейдің (мысалы, үстелдің) шетінде ілініп тұрмауын қадағалаңыз. Сымның ыстық беттерге немесе өткір жиектерге тимейтініне көз жеткізіңіз.
4. Электр тоғымен зақымдануға және жарақаттануға жол бермеу үшін құрылғыны, сымды, ашаны суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
5. Құрылғыны балалардың жанында қолданғанда мұқият болыңыз.
6. Құрылғыны қыздыру аспаптарының жанына орналастырмаңыз.
7. Саптамаларды құрылғы жұмыс істеп тұрғанда орнатпаңыз.
8. Жұмыс істеп тұрған құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.
9. Құрылғы пайдаланылмайтын болса, сондай-ақ оны тазалау, саптамасын шешу және орнату кезінде оны өшіріңіз және қуат беру желісінен ажыратыңыз.
10. Жарақаттануға, өрттің туындауына және электр тоғымен зақымдануға жол бермеу үшін өндіруші ұсынбаған керек-жарақтарды пайдаланбаңыз.
11. Саптамаларды тазаламас бұрын, оларды құрылғыдан шешіп алыңыз.
12. Құрылғыны өшіргеннен кейін, бұлғауышты ашпас бұрын, кез-келген толымдаушыларды бөлшектемес немесе алып тастамас бұрын, айналмалы бөліктердің толық тоқтауын күтіңіз.
13. Алғаш қолданар алдында бұлғауыштың азық-түліктермен жанасатын бөліктерін жуыңыз.

14. Бұлғауыш тостағанының максималды көрсетілген көлемінен асырмаңыз. Пайдалану нұсқаулығында көрсетілген мөлшер, өңдеу уақыты және жылдамдық бойынша талаптарды орындаңыз.
15. Ыстық ингредиенттерді шайқамас бұрын, оларды салқындатыңыз. Температурасы қоршаған орта температурасынан 60°C-ге жоғары ингредиенттерді қоспаңыз.
16. Әрбір шайқалған мөлшерден кейін, құрылғының бөлме температурасына дейін салқындауын күтіңіз.
17. Құрылғыны үй-жайдан тыс пайдаланбаңыз.
18. Құрылғыны тек тұрмыстық мақсаттарда пайдалануға рұқсат етіледі, ол өнеркәсіптік пайдалануға арналмаған.
19. Олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылауды жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануына арналмаған. Балалардың аспаппен ойнамауын қадағалаңыз.

Құрылғы схемасы



1. Қайырмалы бастиек.
2. Саптамаларға арналған білік.
3. Тостаған қақпағы.
4. Қақпақ.
5. Бұлғауыш бастиегін көтеру иінтірегі.
6. Жылдамдықтар шкаласы.
7. Жылдамдықты реттегіш.
8. Корпустың төменгі бөлігі.
9. Төменгі қақпақ.
10. Резеңке аяқтар.
11. Қамырға арналған ілмек.
12. Араластыруға арналған саптама.
13. Бұлғауыш.
14. Шаң өткізбейтін саптама.
15. Қамырға арналған қос ілмек.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Бұлғауыштың бастиегін көтеру иінтірегін (5) сағат тіліне қарсы бұраңыз және бұлғауыштың қайырмалы бастиегін көтеріңіз (1).
2. Тостағанды (4) оған салынған ингредиенттермен бірге бұлғауыштың түбіне орналастырыңыз және оны сағат тілімен бұрап, жұмыс күйінде бекітіңіз.
3. Саптамаларға арналған білікке (2) саптамалардың бірін салыңыз және бекіту үшін оны сағат тіліне қарсы бұраңыз.



4. Бұлғауыш бастиегін көтеру иінтірегін (5) сағат тілі бағытымен бұрап, бұлғауыштың қайырмалы бастиегін (1) түсіріңіз.
5. Құрылғыны қуат көзіне қосыңыз.
6. Жылдамдық реттегішін (7) пайдаланып, қажетті жылдамдықты орнатыңыз.
7. Қоспа қажетті консистенцияға жеткенде, жылдамдық реттегішін (7) «0» күйіне бұраңыз және құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз.
8. Бұлғауыштың қайырмалы бастиегін көтеріңіз (1), тостағанды (4) сағат тіліне қарсы бұраңыз және оны алыңыз. Содан кейін қоспаны тостағаннан шығарыңыз (4).

Ескерту: тостағанның максималды сыйымдылығынан асырмаңыз, құрылғыны қолданар алдында керек-жарақтарды жуғыш құралмен тазалаңыз және кептіріңіз, құрылғыны тек тегіс бетке орналастырыңыз.

Қамыр илеу

- Ұн мен судың ұсынылған қатынасы: 5:3.
- 10 секунд 1-жылдамдықта жұмыс жасаңыз, содан кейін 10 секунд 2-жылдамдықта және шамамен 3 минут 3-жылдамдықта жұмыс жасаңыз.
- Тостағанның максималды рұқсат етілген жұмыс көлемінен асырмаңыз.
- Ұнның максималды рұқсат етілген мөлшері – 1,5 кг.
- Қамырды илеу үшін қамыр ілгегін (11) немесе араластырғыш саптаманы (12) қолданыңыз.

Жұмыртқаларды немесе кілегейді шайқау

- Жұмыртқалардың санына және қажетті шайқау нәтижесіне байланысты жұмыртқаның ағы мен кілегейді 4-6 жылдамдықпен үздіксіз жұмыс режимінде шамамен 5 минут шайқаңыз.

- Бір реттік жүктеменің максималды көлемі – 24 жұмыртқа.
- Тостағанның максималды рұқсат етілген жұмыс көлемінен асырмаңыз.
- Жұмыртқалар мен кілегейді шайқау үшін бұлғағышты қолданыңыз (13).

Коктейльдерді, шейктерді және басқа сусындарды дайындау

- Ингредиенттерді тостағанға рецепт бойынша салыңыз. 1-6 жылдамдықпен шамамен 5 минут араластырыңыз.
- Тостағанның максималды рұқсат етілген жұмыс көлемінен асырмаңыз.
- Коктейльдер, шейктер және басқа сусындар дайындау үшін араластыруға арналған саптаманы қолданыңыз (12).

Тазарту және күтім

- Құрылғыны тазаламас бұрын қуат беру желісінен ажыратыңыз.
- Тазалауды бастамас бұрын бұлғауышты пайдаланудан кейін толық суытыңыз.
- Содан кейін құрылғыны дымқылғ содан кейін құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Құрылғыны суға батырмаңыз.
- Қажақ тазартқыштарды пайдаланбаңыз, себебі олар бұлғауыштың бетіне зақым келтіруі мүмкін.
- Саптамаларды ыдыс жуғыш машинада жууға болмайды.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: МХ-1400.
- Қуаты: 1400 Вт.
- Корпус материалы: пластик.
- Планетарлы араластыру технологиясы.
- Көлемі 5 л тот баспайтын болаттан жасалған араластыруға арналған тостаған.
- 6 жылдамдық режимі + импульстік режим.
- Қолдану саласы: тұрмыстық.
- Жиынтықтағы саптамалар: қамырға арналған ілмек, қамырға арналған қос ілмек, араластыруға арналған саптама, бұлғауыш.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болмасын монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны қаптамада, өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5°C және 40°C аралығындағы температурада және ауаның 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғының тасымалдануы құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны сату РФ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі керек.
- Осы бұйымның кәдеге жаратылуы қалдықтарды өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, Сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына қалдықтардың бақыланбайтын шығарылуының нәтижесінде әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдайтын пункттер мен оны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорында алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталғанда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуандун Муренкинг Эпплайнс Ко., Лтд.
№ В12 және В13, 3-ші өнеркәсіптік аймақ, батыс аймақ, Хэнли, Дунгуань қ.,
Гуандун пров., Қытай

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С,
Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе,
Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020/2011;
- «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 004/2011.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электртехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» ЕАЭО ТР 037/2016 техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Сапаны жақсарту үшін бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшыратылуы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен басталады және тек қана жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кесірінен істен шықпаған элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.
Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



www.dexp.club